



2025-2026 оқу жылына арналған педагогикалық кеңес жоспары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
I	№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2025–2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйым қызметін сапалы ұйымдастырудың негізгі басымдықтары» 1. Меңгерушінің кіріспе сөзі. Жаңа оқу жылының негізгі міндеттері мен басым бағыттары. 2. Тамыз кеңесінің қорытындылары және 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік ұсынымдармен, «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын балалармен таныстыру. 3. Жаңа оқу жылындағы жұмыстардың тиімділігіне талдау жасау. 4. Негізгі оқу-әдістемелік құжаттарды бекіту: • жылдық жоспар • оқу жұмыс жоспары ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі • перспективалық жоспарлар • циклограмма және күн тәртібі. 5. Құжат: «Бір мақсатқа бағытталған кәсіби ұжым». 6. Педагогтердің лауазымдық міндеттері мен топтардың қарым-қатынасын бекіту. Қыркүйек	Тамыз Бағыттаушы педагогикалық кеңес	Меңгеруші А.Б.Аралова Әдіскер А.С.Балжанова
II	№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы арқылы баланың тілдік құзыреттілігін дамыту»	Қараша	Меңгеруші А.Б.Аралова

	1. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына мониторинг. 2. Баяндама: «Баланың сөздік қорын дамытудағы ұлттық және заманауи әдістер». 3. Шеберлік алаңы: ата-аналармен жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының үздік тәжірибелері.		Әдіскер А.С.Балжанова Тәрбиешілер А.М.Жүсіпова О.П.Еремина Д.А.Серікбаева
III	№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Экологиялық мәдениет пен зерттеушілік дағдыларды қалыптастырудағы заманауи тәсілдер» 1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Баяндама: «Балалардың экологиялық сауаттылығын қалыптастырудағы инновациялық технологиялар». 3. Іскерлік ойын: «Экодостар шеберханасы». 4. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін сауалнама жүргізу.	Қаңтар	Меңгеруші А.Б.Аралова Әдіскер А.С.Балжанова Тәрбиешілер З.Ж.Файзуллина А.М.Жүсіпова А.Б.Сәменова
IV	№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Баланың танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамытудағы мүмкіндіктер» 1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Ашық көрсетілім: «Мектепке дейінгі ұйымдардағы іс-әрекет кестесі». 3. Өлшемдік диалог: «Мнемотехника – есте сақтау мен сөйлеуді дамытудың тиімді құралы». 4. Педагогикалық тәжірибе алмасу. 5. Тренинг: «Командалық жұмыс мәдениеті».	Наурыз	Меңгеруші А.Б.Аралова Әдіскер А.С.Балжанова Д.А.Серікбаева
V	№5 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Педагогикалық қызметтің нәтижесі: тәжірибе, талдау және жаңа мүмкіндіктер»	мамыр	Меңгеруші А.Б.Аралова

	1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына талдау. 2. Педагогтердің шығармашылық және кәсіби қызметінің жылдық қорытындысы. 3. Тәрбиешілердің даму мониторингінің нәтижелерін қарастыру. 4. Жылдық сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту. 5. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік талаптарын талқылау. 6. Тимбилдинг: «Табысты ұжым – сапалы нәтиже».		Әдіскер А.С.Балжанова Тәрбиешілер
--	--	--	---

«Alinur» балабақшасы
2025–2026 оқу жылындағы ұйымдастырылған педагогикалық кеңес
отырысының хаттамасы №1

Тақырыбы: «2025–2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйым қызметін сапалы ұйымдастырудың негізгі басымдықтары»

Өткізілген күні: 27 тамыз 2025 жыл

Қатысқандар: 7 педагог

Қатыспағандар: жоқ

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.Б.Аралова

Хатшы: А.С.Балжанова

Күн тәртібі

1. Меңгерушінің кіріспе сөзі. Жаңа оқу жылының негізгі міндеттері мен басым бағыттары.
2. Тамыз кеңесінің қорытындылары және 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік ұсынымдармен, «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын балалармен таныстыру.
3. Жаңа оқу жылындағы жұмыстардың тиімділігіне талдау жасау.
4. Негізгі оқу-әдістемелік құжаттарды бекіту: жылдық жоспар, оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі, перспективалық жоспарлар, циклограмма және күн тәртібі.
5. Құжат: «Бір мақсатқа бағытталған кәсіби ұжым».
6. Педагогтердің лауазымдық міндеттері мен топтардың қарым-қатынасын бекіту.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Аралова сөз сөйлеп, педагогтерді жаңа 2025–2026 оқу жылының басталуымен құттықтады. Жаңа оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы ұйымдастыру, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру бағытындағы негізгі міндеттерге тоқталды. Меңгеруші мектепке дейінгі ұйым қызметінде нормативтік-құқықтық талаптарды сақтау, педагогтер арасында өзара ынтымақтастық пен жауапкершілікті қалыптастыру, ата-аналармен тиімді серіктестік орнату қажеттігін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.С.Балжанова 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік ұсынымдардың негізгі бағыттарымен таныстырды.

Педагогтердің кәсіби қызметін жетілдіру, тәрбиелеу-білім беру процесінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану, баланың жеке тұлғалық дамуына қолайлы орта қалыптастыру мәселелеріне тоқталды. «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиелеу-білім беру процесіне кіріктіру жолдары түсіндірілді. Балаларға отансүйгіштік, адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, бірлік және өзара құрмет құндылықтарын күнделікті іс-әрекет барысында қалыптастыру қажеттігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер А.С.Балжанова жаңа оқу жылындағы жұмыстардың тиімділігіне талдау жасады. Өткен кезеңдегі тәрбиелеу-білім беру жұмыстарының нәтижелері, педагогтердің кәсіби белсенділігі, балалардың даму көрсеткіштері және ата-аналармен жүргізілген жұмыстар қарастырылды. Талдау барысында педагогтердің тәжірибесін жетілдіру, балалардың тілдік, танымдық, әлеуметтік-эмоционалдық және шығармашылық дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстарды жүйелі жүргізу қажеттігі атап өтілді.

Төртінші мәселе бойынша 2025–2026 оқу жылына арналған негізгі оқу-әдістемелік құжаттар қаралып, талқыланды. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспары, оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі, перспективалық жоспарлар, циклограммалар және күн тәртібі қаралып, бекітуге ұсынылды. Педагогтерге құжаттарды әзірлеу және жүргізу барысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қолданыстағы нормативтік талаптарды, балалардың жас ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін басшылыққа алу тапсырылды.

Бесінші мәселе бойынша «Бір мақсатқа бағытталған кәсіби ұжым» құжаты қарастырылды. Әдіскер А.С.Балжанова педагогикалық ұжымның ортақ мақсатқа жұмылуы, міндеттерді өзара тиімді бөлуі, кәсіби қолдау көрсетуі және командалық жұмыс мәдениетін қалыптастыру мәселелеріне тоқталды. Педагогтер ортақ мақсатқа негізделген кәсіби ынтымақтастықтың тәрбиелеу-білім беру сапасына әсері жөнінде пікір алмасты.

Алтыншы мәселе бойынша меңгеруші А.Б.Аралова педагогтердің лауазымдық міндеттерімен және топтардағы өзара қарым-қатынас тәртібімен таныстырды. Әр педагогтің қызметтік міндеттерін жауапкершілікпен орындауы, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, ата-аналармен мәдени қарым-қатынас жасау және ұжым мүшелерімен өзара сыйластық негізінде жұмыс жүргізу қажеттігі атап өтілді.

Қаулы

1. 2025–2026 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесін сапалы ұйымдастыру бойынша белгіленген негізгі басым бағыттар басшылыққа алынсын.
2. 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік ұсынымдардың талаптары тәрбиелеу-білім беру процесінде ескерілсін.
3. «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтары балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиелік жұмыстарға жүйелі енгізілсін.
4. 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары, оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі, перспективалық жоспарлар, циклограммалар және күн тәртібі бекітілсін.
5. «Бір мақсатқа бағытталған кәсіби ұжым» қағидаты негізінде педагогтердің өзара ынтымақтастығы мен кәсіби қолдауы күшейтілсін.
6. Педагогтердің лауазымдық міндеттері мен топтардағы өзара жұмыс тәртібі бекітілсін.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер А.С.Балжановаға жүктелсін.

Төрайымы *Арал* А.Б.Аралова
Хатшы *Алпыс* А.С.Балжанова



«Alinur» балабақшасы
2025–2026 оқу жылындағы ұйымдастырылған педагогикалық кеңес
отырысының хаттамасы №2

Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы арқылы баланың тілдік құзыреттілігін дамыту»

Өткізілген күні: 27 қараша 2025 жыл

Қатысқандар: 7 педагог

Қатыспағандар: жоқ

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.Б.Аралова

Хатшы: А.С.Балжанова

Күн тәртібі

1. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына мониторинг.
2. Баяндама: «Баланың сөздік қорын дамытудағы ұлттық және заманауи әдістер».
3. Шеберлік алаңы: ата-аналармен жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының үздік тәжірибелері.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.С.Балжанова №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына мониторинг жүргізілгенін баяндады. Педагогтердің оқу-әдістемелік құжаттарды талапқа сай жүргізуі, тәрбиелеу-білім беру процесінде «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын кіріктіруі және балаларға қолайлы дамытушы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар қарастырылды. Мониторинг нәтижесінде педагогтердің белгіленген міндеттерді орындау бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп отырғаны атап өтілді. Сонымен қатар құжаттарды сапалы жүргізу және балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескеру бойынша әдістемелік қолдауды жалғастыру қажеттігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші А.М.Жүсіпова «Баланың сөздік қорын дамытудағы ұлттық және заманауи әдістер» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама барысында мектепке дейінгі жастағы баланың сөздік қорын молайтудың тиімді жолдары қарастырылды. Ұлттық ойындар, халық ауыз әдебиеті үлгілері, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер мен бесік жыры арқылы баланың тілдік белсенділігін арттыру мүмкіндіктері көрсетілді.

Сонымен қатар суреттермен жұмыс, әңгімелесу, сұрақ-жауап, сөздік ойындар, мнемотехника, цифрлық ресурстар және интерактивті тапсырмаларды баланың жас ерекшелігіне сәйкес қолданудың тиімділігі атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиешілер О.П.Еремина, Д.А.Серікбаева және А.М.Жүсіпова «Ата-аналармен жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының үздік тәжірибелері» тақырыбында шеберлік алаңын ұйымдастырды. Педагогтер ата-аналармен бірлесіп жүргізуге болатын тілдік ойындар мен жаттығуларды таныстырды. Үй жағдайында ертегі оқу, балаға сұрақ қою, күнделікті әрекет барысында әңгімелесу, сурет бойынша әңгіме құрастыру, мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштарды қолдану тәсілдері ұсынылды. Педагогтер тәжірибе алмасып, ата-аналарды баланың тілдік дамуына белсенді қатыстырудың маңыздылығын атап өтті.

Қаулы

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың сөздік қорын молайту мақсатында ұлттық және заманауи әдіс-тәсілдер тәрбиелеу-білім беру процесінде жүйелі қолданылсын.
3. Әр топта балалардың еркін сөйлеуіне, өз ойын толық жеткізуіне мүмкіндік беретін тілдік дамытушы орта жетілдірілсін.
4. Ата-аналарға үй жағдайында баланың тілдік дамуын қолдауға бағытталған практикалық ұсыныстар берілсін.
5. Тәрбиешілердің үздік тәжірибелері жинақталып, педагогтер арасында таратылсын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер А.С.Балжановаға жүктелсін.

Төрайымы

Хатшы



А.Б.Аралова

А.С.Балжанова

«Alinur» балабақшасы
2025–2026 оқу жылындағы ұйымдастырылған педагогикалық кеңес
отырысының хаттамасы №3

Тақырыбы: «Экологиялық мәдениет пен зерттеушілік дағдыларды қалыптастырудағы заманауи тәсілдер»

Өткізілген күні: 21 қаңтар 2026 жыл

Қатысқандар: 7 педагог

Қатыспағандар: жоқ

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.Б.Аралова

Хатшы: А.С.Балжанова

Күн тәртібі

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Баяндама: «Балалардың экологиялық сауаттылығын қалыптастырудағы инновациялық технологиялар».
3. Іскерлік ойын: «Экодостар шеберханасы».
4. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін сауалнама жүргізу.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.С.Балжанова №2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалу барысына тоқталды. Балалардың тілдік құзыреттілігін дамыту, ата-аналармен серіктестікті нығайту және тілдік дамытушы ортаны жетілдіру бағытындағы жұмыстардың жүргізілуіне талдау жасалды. Педагогтердің балалармен тілдік ойындар мен шығармашылық тапсырларды жүйелі ұйымдастырып отырғаны атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші З.Ж.Файзуллина «Балалардың экологиялық сауаттылығын қалыптастырудағы инновациялық технологиялар» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада мектепке дейінгі жастағы балалардың табиғатты тануына және қорғауына бағытталған жұмыстардың маңызы айтылды. Балаларға табиғи ресурстарды үнемдеу, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасау, тазалық сақтау, қалдықтарды сұрыптау сияқты қарапайым экологиялық әрекеттерді үйрету жолдары ұсынылды. Экологиялық мазмұндағы тәжірибелер, бақылау, табиғат бұрышындағы еңбек, зерттеу тапсырмалары, интерактивті ойындар мен цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану мүмкіндіктері көрсетілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші А.М.Жүсіпова «Экодостар шеберханасы» тақырыбында іскерлік ойын өткізді. Ойын барысында педагогтер экологиялық бағыттағы іс-әрекеттерді ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін талқылады,

жағдаяттық тапсырмаларды орындады және балалармен жүргізілетін зерттеу жұмыстарын жоспарлады. Педагогтер экологиялық тәрбие беруде баланың өз қолымен орындауына, бақылауына және қарапайым қорытынды жасауына мүмкіндік берудің маңыздылығын атап өтті.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер А.С.Балжанова педагогтердің кәсіби құзыреттілігін анықтау мақсатында сауалнама жүргізді. Сауалнама барысында педагогтердің заманауи әдіс-тәсілдерді қолдануы, цифрлық ресурстарды пайдалану деңгейі, балалардың зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру тәжірибесі және кәсіби даму қажеттіліктері зерделенді. Сауалнама нәтижелері педагогтерге алдағы әдістемелік жұмыстарды жоспарлау кезінде ескерілетіндігі айтылды.

Қаулы

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қамтамасыз етілсін.
2. Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру жұмыстары барлық топтарда жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Балалармен бақылау, қарапайым тәжірибе және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру кеңейтілсін.
4. Экологиялық тәрбие беруде инновациялық және цифрлық технологиялар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тиімді қолданылсын.
5. «Экодостар шеберханасы» іскерлік ойыны барысында ұсынылған тиімді әдістер педагогтердің тәжірибесіне енгізілсін.
6. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін анықтау сауалнамасының нәтижелері әдістемелік жұмысты жоспарлау кезінде ескерілсін.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер А.С.Балжановаға жүктелсін.

Төрайымы  А.Б.Аралова
Хатшы  А.С.Балжанова



«Alinur» балабақшасы
2025–2026 оқу жылындағы ұйымдастырылған педагогикалық кеңес
отырысының хаттамасы №4

Тақырыбы: «Баланың танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамытудағы мүмкіндіктер»

Өткізілген күні: 27 наурыз 2026 жыл

Қатысқандар: 7 педагог

Қатыспағандар: жоқ

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.Б.Аралова

Хатшы: А.С.Балжанова

Күн тәртібі

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Ашық көрсетілім: «Мектепке дейінгі ұйымдардағы іс-әрекет кестесі».
3. Өлшемдік диалог: «Мнемотехника – есте сақтау мен сөйлеуді дамытудың тиімді құралы».
4. Педагогикалық тәжірибе алмасу.
5. Тренинг: «Командалық жұмыс мәдениеті».

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.С.Балжанова №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына талдау жасады. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру, зерттеушілік дағдыларды дамыту, бақылау мен тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру бағыттарындағы жұмыстардың жүзеге асырылу барысы қарастырылды. Педагогтердің экологиялық мазмұндағы ойындар мен тәжірибелік тапсырмаларды ұйымдастырып, балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізіп отырғаны атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Д.А.Серікбаева «Мектепке дейінгі ұйымдардағы іс-әрекет кестесі» тақырыбында ашық көрсетілім өткізді. Көрсетілім барысында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес іс-әрекеттерді ұйымдастыру, олардың өзара байланысын сақтау, танымдық және коммуникативтік белсенділікті арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдер көрсетілді. Педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекет барысында баланың белсенді әрекет етуіне, сұрақ қоюына, өз ойын білдіруіне және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасаудың маңыздылығын атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер А.С.Балжанова «Мнемотехника – есте сақтау мен сөйлеуді дамытудың тиімді құралы» тақырыбында өлшемдік диалог ұйымдастырды. Мнемотехниканың баланың ақпаратты есте сақтауына, сөздік қорын молайтуына, байланыстырып сөйлеуін дамытуына мүмкіндік беретін тиімді тәсіл екендігі түсіндірілді. Суреттер, шартты белгілер және мнемокестелерді пайдалану арқылы ертегі, әңгіме және өлең мазмұнын есте сақтауға үйрету жолдары көрсетілді.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиешілер арасында педагогикалық тәжірибе алмасу ұйымдастырылды. Педагогтер балалардың танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту барысында қолданатын тиімді әдіс-тәсілдерімен бөлісті. Тәжірибе барысында ойын технологиялары, сұрақ-жауап әдісі, проблемалық жағдаяттар, шығармашылық тапсырмалар, жұптық және топтық жұмыстардың тиімділігі талқыланды.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиеші Д.А.Серікбаева педагогтерге «Командалық жұмыс мәдениеті» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында педагогтердің өзара түсіністігін арттыруға, кәсіби ынтымақтастықты нығайтуға, ортақ мақсатқа бірлесіп жетуге бағытталған жаттығулар орындалды. Қатысушылар командалық жұмыстың тиімділігі жөнінде пікір алмасты.

Қаулы

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қамтамасыз етілсін.
2. Балалардың танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер жүйелі қолданылсын.
3. Іс-әрекет барысында балалардың еркін қарым-қатынас жасауына, сұрақ қоюына және өз ойын білдіруіне мүмкіндік берілсін.
4. Мнемотехника элементтері балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес сөйлеу және танымдық әрекеттерді ұйымдастыруда тиімді пайдаланылсын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер А.С.Балжановаға жүктелсін.

Төрайымы  А.Б.Аралова
Хатшы  А.С.Балжанова



«Alinur» балабақшасы
2025–2026 оқу жылындағы ұйымдастырылған педагогикалық кеңес
отырысының хаттамасы №5

Тақырыбы: «Педагогикалық қызметтің нәтижесі: тәжірибе, талдау және жаңа мүмкіндіктер»

Өткізілген күні: 28 мамыр 2026 жыл

Қатысқандар: 7 педагог

Қатыспағандар: жоқ

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.Б.Аралова

Хатшы: А.С.Балжанова

Күн тәртібі

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына талдау.
2. Педагогтердің шығармашылық және кәсіби қызметінің жылдық қорытындысы.
3. Тәрбиешілердің даму мониторингінің нәтижелерін қарастыру.
4. Жылдық сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту.
5. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік талаптарын талқылау.
6. Тимбилдинг: «Табысты ұжым – сапалы нәтиже».

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.С.Балжанова №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына талдау жасады. Балалардың танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту, мнемотехника әдістерін пайдалану, педагогтердің өзара тәжірибе алмасуы және командалық жұмыс мәдениетін қалыптастыру бағыттарында атқарылған жұмыстар қарастырылды. Белгіленген міндеттердің оқу жылы бойы жүйелі жүзеге асырылғаны және педагогтердің кәсіби ізденісінің артқаны атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша меңгеруші А.Б.Аралова педагогтердің 2025–2026 оқу жылындағы шығармашылық және кәсіби қызметінің жылдық қорытындысына тоқталды. Педагогтердің әдістемелік іс-шараларға, байқауларға, семинарларға, тәжірибе алмасу жұмыстарына және балабақша көлеміндегі шығармашылық жобаларға қатысу белсенділігі талданды. Педагогтердің кәсіби дамуға ұмтылысы, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруі және оларды тәрбиелеу-білім беру процесінде тиімді қолдануы атап өтілді. Алдағы оқу жылында педагогтердің шығармашылық бастамаларын қолдау қажеттігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер А.С.Балжанова тәрбиешілердің балалардың даму мониторингінің нәтижелерімен таныстырды. Балалардың оқу жылы басындағы және соңындағы даму көрсеткіштері салыстырылып, білім беру салалары бойынша ілгерілеу нәтижелері қарастырылды. Балалардың тілдік, танымдық, әлеуметтік-эмоционалдық, шығармашылық және физикалық даму бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар сараланды. Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, алдағы кезеңде қолдауды қажет ететін бағыттар бойынша жұмысты жалғастыру қажеттігі атап өтілді.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер А.С.Балжанова жылдық сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын таныстырды. Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін арттыру, таза ауада болуын қамтамасыз ету, шынықтыру шараларын ұйымдастыру, дұрыс тамақтану және қауіпсіздік талаптарын сақтау бағытындағы жұмыстар қарастырылды. Жоспар талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Бесінші мәселе бойынша меңгеруші А.Б.Аралова балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік талаптарына тоқталды. Жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, серуендеу кезінде бақылауды күшейту, ойын алаңдарының қауіпсіздігін қадағалау, жолда және тұрмыста қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, өрт және су қауіпсіздігі талаптарын сақтау бойынша педагогтерге нақты міндеттер қойылды. Ата-аналармен қауіпсіздік талаптарын сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу қажеттігі атап өтілді.

Алтыншы мәселе бойынша тәрбиеші А.М.Жүсіпова педагогикалық ұжыммен «Табысты ұжым – сапалы нәтиже» тақырыбында тимбилдинг өткізді. Тимбилдинг барысында педагогтердің бір-біріне кәсіби қолдау көрсетуі, өзара сенім мен сыйластықты нығайту, ортақ мақсатқа жұмылу және командалық жауапкершілікті арттыруға бағытталған жаттығулар ұйымдастырылды. Қатысушылар оқу жылындағы бірлескен жұмыстарын қорытындылап, ұжымдық жетістіктер мен алдағы кәсіби даму мүмкіндіктері жөнінде пікір алмасты.

Қаулы

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2025–2026 оқу жылындағы педагогтердің шығармашылық және кәсіби қызметінің нәтижелері қанағаттанарлық деп бағалансын.

3. Педагогтердің кәсіби және шығармашылық белсенділігін арттыру жұмыстары келесі оқу жылында жалғастырылсын.
4. Балалардың даму мониторингінің нәтижелері алдағы тәрбиелеу-білім беру жұмыстарын жоспарлау кезінде ескерілсін.
5. Жылдық сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспары бекітілсін.
6. Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік талаптарын сақтау және ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қамтамасыз етілсін.
7. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша педагогтердің жауапкершілігі күшейтілсін.
8. Ұжымда өзара қолдау, ынтымақтастық және командалық жұмыс мәдениетін одан әрі дамыту жалғастырылсын.
9. Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер А.С.Балжановаға жүктелсін.

